

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 776 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 ақпандағы № 134 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.02.14 № 134 Қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.
2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 3 тамыздағы
№ 776 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

1-бөлім. Миссиясы және пайымдауы

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің (бұдан әрі - МГМ) миссиясы - бәсекелестік қабілеттілігі мен ұлттық қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында көмірсутек шикізаты бөлігінде отын-энергетика кешенін дамыту, экономиканың көмірсутек ресурстарына өсіп отырған қажеттігін қамтамасыз ету, оларды тиімді пайдалануға бағытталған

Дамыған мұнай-газ өнеркәсібі және көмірсутек шикізаты тасымалының және магистралдық құбыржол көлігінің дамыған жүйесі.

2-бөлім. Тиісті салалар (аялар) қызметінің ағымдағы жағдайын және даму үрдістерін талдау

1-стратегиялық бағыт. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу саласындағы қатынастарды реттеуді жақсарту.

Жер қойнауын пайдалану. 2009 жылдың қорытындылары бойынша көмірсутек шикізатына (бұдан әрі - КСШ) салынған инвестиция көлемі 2,4 трлн.теңгені құрады, бұл минералдық-шикізат кешеніне салынған жалпы инвестиция көлемінің 78 % құрайды. 1996 жылы КСШ-қа сол кезеңдегі инвестиция көлемінің 54 % ғана салынғанын айта кеткен жөн. Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге 2056 млрд. теңге, қазақстандық мамандарды даярлау шығындарына - 16,3 млрд.теңге, ал аумақтардың әлеуметтік саласы мен инфрақұрылымын дамытуға 36,2 млрд. теңге жұмсалды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлауға арналған келісімшарт әрбір кезеңінің ұзақтығы екі жылға дейін екі рет ұзарту құқығымен алты жылға дейінгі мерзімге жасалады.

Қалыптасқан әлемдік практика барлау жұмыстарынан бастап бірінші коммерциялық мұнайды алғанға дейін 8-10 жыл өтетіндігін көрсетіп отыр. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының аумағында игерілетін көмірсутек шикізаты кен орындарының көпшілігі 2002 жылға қарай жылдық өндірудің ең жоғары сатысына жетті.

8-10 жылдан кейін мұнай қорының өсуін қамтамасыз ету үшін қазірден бастап көмірсутек шикізатын барлауды жүргізу үшін жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурстарды өткізу қажет.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беру екі тәсілмен: конкурс өткізу жолымен және ұлттық компаниямен тікелей келіссөздерді жүргізу жолымен жүргізіледі. Осыған орай, конкурстарды өткізудің 2007 жылғы сәуірден бастап тоқтатылғандығына байланысты, көмірсутек шикізатының жаңа объектілеріне жер қойнауын пайдалану құқығы ұлттық компанияның тікелей келіссөздері негізінде ғана беріледі.

Осыған байланысты, барлау құқығын алуға арналған конкурстарды өткізуге шектеуді алу қажет. Бұл ретте, мемлекет жер қойнауын пайдаланушыларға толық жүктеу арқылы геологиялық тәуекелдерден босатылады.

Бұдан басқа, қазіргі ақпараттық технологиялар базасында жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі дамыту қажет. Жүйенің экономикалық тиімділігі жер қойнауын пайдалану жағдайының негізгі көрсеткіштерін өзгерту динамикасында көрсетіледі. 2003 жылдан 2008 жылға дейінгі аралықта жер қойнауын пайдаланушылардың қаржылық міндеттемелерінің көлемі 1230489 млрд. теңгеден 5036028 млрд. теңгеге дейін (409 %-ға) өсті, жер қойнауын пайдалануға инвестициялар 821760 млрд. теңгеден 2672004 млрд. теңгеге дейін (325%-ға) ұлғайды. Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушылардың төлемдері мен салықтарының көлемі 221400 млрд. теңгеден 1836024 млрд. теңгеге дейін (829%-ға) өсті.

МГМ-нің негізгі міндеттерінің бірі өнімді бөлу туралы келісімдерден туындайтын Өкілетті органның құзыретін іске асыруды қамтамасыз ету болып табылады және тиісінше МГМ-ге Өнімді бөлу туралы келісімдерде өкілетті органның мүдделерін іске асыру функциясы жүктелді.

Осыған байланысты, МГМ белгіленген тәртіппен өнімді бөлу туралы келісімдерде өкілетті органның мүдделерін іске асырады, оның ішінде ұлттық компанияның еншілес ұйымының қатысу үлестерін өтеусіз сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады.

Қазіргі ақпараттық технологияларды енгізу жолымен оның ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету сапасын жақсарту есебінен жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында, минералдық-шикізаттық ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру және өнеркәсіптің өндіруші салаларының ашықтығын қамтамасыз ету үшін 2008 жылы «Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалануды басқарудың мемлекеттік бірыңғай жүйесі» интеграцияланған ақпараттық жүйесін (бұдан әрі - ҚР ЖҚ БМБЖ ИАЖ) құру жөнінде жұмыстар басталды.

ҚР ЖҚ БМБЖ ИАЖ-ды іске асыру жер қойнауын пайдалану саласында МГМ-нің функцияларын автоматтандыруға мүмкіндік тудырады.

2-стратегиялық бағыт. Мұнай және газ өнеркәсібін серпінді дамыту.

Мұнай өнеркәсібі. 2009 жылы республикада мұнай және газ конденсатын өндіру мұның алдындағы жылмен салыстырғанда 8,3 % -ға өсіп, 76,5 млн. тоннаны құрады. 68,1 млн. тонна мұнай және газ конденсаты экспортталды.

Ішкі нарыққа 12 млн. тоннадан астам мұнай жеткізілді және қайта өңделді. 2589,1 мың тонна бензин (98,7 %), 3795,3 мың тонна дизель отыны (95,3 %), 3237 мың тонна мазут (104,3 %), 373,5 мың тонна авиакеросин (92,7%) өндірілді.

Қазақстан Республикасының аумағында 2009 жылдың қорытындылары бойынша негізі мұнай өндіруші компаниялар «Теңізшевройл» ЖШС (22,5 млн. тонна), «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» ЖШС (11,9 млн. тонна), «ҚазМұнайГаз» СҮ» АҚ (8,9 млн. тонна), «Маңғыстаумұнайгаз» СҮ» АҚ (5,7 млн

. тонна) және «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ (6 млн. тонна) болып табылады.

Қазақстан Республикасының аумағында құрлықтағы кен орындарында игерілетін көмірсутек шикізатының басым бөлігі жылдық өндірудің ең жоғары деңгейлі сатысына жетті. Құрлықта өндірудің одан әрі өсуі бірінші кезекте, Теңіз және Қарашығанақ кен орындарын игерудің қарқындауына байланысты. 2012 жылдың аяғында Қарашығанақ кен орнын тәжірибелік-өнеркәсіптік іске асыруды бастау жоспарлануда. Құрлықтағы басқа кен орындарында өндіру көлемі (Теңіз және Қарашығанақты есепке алмағанда) өндірудің жалпы көлемінен 45 млн. тоннаны немесе 56 %-ды құрайды, 2014 жылы бұл көрсеткіш өндірудің жалпы көлемінен 44,9 млн. тоннаға дейін немесе 52,8 %-ға төмендейді.

Мұнай өндірудің ұлғаюына байланысты, 2014 жылға дейінгі кезеңде мұнай өңдеуді жылына 15 млн. тоннаға дейін ұлғайту және тиісінше мұнай өнімдерін өндіру жоспарлануда.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін отандық мұнай өңдеу зауыттарында (бұдан әрі - МӨЗ) жұмыс істеп тұрған өңдеуші қуаттарды қайта құру және жаңғырту бойынша іс-шаралар жоспарлануда.

Мынадай инвестициялық жобаларды іске асыру көзделеді:

Атырау мұнай өңдеу зауытында (бұдан әрі - АМӨЗ):

ЭЛОУ-АВТ-3 қондырғысының вакуумдық блогын және АМӨЗ баяу кокстеу қондырғысын қайта құру вакуумдық блоктың қуатын жылына 1800 мың тоннаға дейін және баяу кокстеу қондырғысының қуатын жылына 1000 мың тоннаға дейін жеткізу. Жобаны іске асыру мерзімі - 2010 жыл.

Хош иісті көмірсутектерді: жылына 133 мың тонна бензол, 496 мың тонна параксиллол өндіру кешенін салу және мұнай өнімдерінің сапасын Евро-3 стандартына дейін жақсарту. Жобаны іске асыру мерзімі - 2013 жыл.

Мұнай өңдеуді жылына 5 000 мың тоннаға дейін және өңдеу тереңдігін 84%-ға дейін жеткізумен, мұнай өнімдерінің сапасын Евро-4 стандартына дейін жақсартумен зауыт базасында мұнайды тереңдетіп өңдеу кешенін салу. Жобаны іске асыру мерзімі - 2014 жыл.

«Петро Казахстан Ойл Продактс» ЖШС-да (Шымкент мұнай өңдеу зауыты):

Мұнай өңдеу тереңдігін 90%-ға дейін ұлғайтумен, зауыттың қуатын жылына 6 000 мың тоннаға дейін жеткізумен зауытты қайта құру және жаңғырту, мұнай өнімдерінің сапасын Евро-4 стандартына дейін жақсарту. Жобаны іске асыру мерзімі - 2014 жыл.

Павлодар мұнай-химия зауытында:

Мұнай өңдеу тереңдігін 90%-ға дейін ұлғайтумен, зауыттың қуатын жылына 6 000 мың тоннаға дейін жеткізумен зауытты қайта құру және жаңғырту, мұнай өнімдерінің сапасын Евро-4 стандартына дейін жақсарту. Жобаны іске асыру мерзімі - 2013 жыл.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2009 жылғы 6 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген тапсырманы орындау үшін отандық жағар майларды өндіруді ұйымдастыру туралы міндет қойылды. Осыған байланысты, қазіргі уақытта «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-та Қазақстан Республикасында жағар майларды өндіруді ұйымдастыру мүмкіндігі зерделенуде .

МӨЗ-ді қайта құру және жаңғыртуды аяқтау 2015 жылы республиканың тұтынушыларын ЕВРО-3, 4 талаптарына сай келетін сапалы мұнай өнімдерімен қамтамасыз етуге, қоршаған ортаға зиянды әсерді азайтуға, республиканың автомобильдік және авиациялық отынға қажеттігін қамтамасыз етуге, мұнай өңдеу зауыттарының жиынтық қуатын жылына 17 млн. тоннаға дейін жеткізуге м ү м к і н д і к т у д ы р а д ы .

Көмірсутектерді өндіру көлемін ұлғайту мұнай-көлік инфрақұрылымын қарқынды дамытуды талап етеді. Қазіргі уақытта қазақстан мұнайының негізгі жұмыс істеп тұрған экспорттық маршруттары Атырау - Самара құбыры, КТК құбыры, Атасу - Алашанькоу құбыры, Ақтау порты болып табылады.

Қазақстан мұнайының басым бөлігі 2009 жылы КТК мұнай құбыры бойынша - 27,5 млн. тонна және Атырау-Самара бойынша - 17,5 млн. тонна экспортталды. Қытай бағытында - 7,7 млн. тонна тасымалданды, оның 6,2 млн. тоннасы қазақстандық мұнай. Теңіз экспорта - 11,1 млн. тоннаны құрады, теміржолмен 4 млн. тонна тиелді. Орынбор МӨЗ-ге 1,8 млн. тонна газ конденсаты жеткізілді. 2009 жылы Қазақстан аумағы бойынша Қытайға Ресей мұнайының транзиті 1,5 млн. тоннаны құрады, 2010 жылға 2 млн. тоннаны тасымалдау жоспарлануда.

Жаңа экспорттық жүйелерді құру және барларын кеңейту бойынша жұмыстар өзекті болып отыр. 2009 жылы Каспий Құбыр Консорциумының акционерлері кезеңді кеңейту туралы шешім қабылдады, Қазақстан Каспий Тасымалдау Жүйесін құру бойынша, сондай-ақ Қазақстан - Қытай мұнай құбырын кеңейту жобасы бойынша жұмыс жалғастырылуда.

Газ өнеркәсібі. Табиғи және ілеспе газды өндіру 2009 жылы 36 млрд. текше метрді құрады, 2008 жылмен салыстырғанда өсуі 7,5 %. 2009 жылы республиканың мұнай және газ өңдейтін кәсіпорындарында 1824,5 мың тонна сұйытылған көмірсутек газы өндірілді, өсуі 125,7 % құрады. Оның ішінде шамамен 1304,5 мың тоннасы экспортқа және 520 мың тоннасы ішкі нарыққа жөнелтілді (2008 жылға қарағанда 118 %).

2014 жылы шикі газ өндіру көлемінің өсуі 2009 жылмен салыстырғанда 54,5% -ға өсті (өндірудің өсуі 19,8 млрд. текше м).

Қазақстан Республикасы облыстарының 2009 жылы табиғи газды тұтынуының көлемі 8,6 млрд. текше метрді құрады, бұл 2008 жылы тұтынған газдың 95,8 % құрайды.

Облыс әкімдіктерінің деректері бойынша газды тұтынудың болжамдық көлемі 2014 жылы 13,8 млрд. текше м-ді құрайды, бұл 2009 жылға қарағанда, 1,6 е с е к ө п .

Газ экспортының көлемі 7 млрд. т. м. құрады (алмасу операциясы арқылы Қазақстан Республикасының ішкі нарығына жіберілетін Қарашығанақ газының көлемін е с е п т е м е г е н д е) .

2010 жылы газ өндіру көлемі 37 млрд. текше метр болады деп күтілуде. Табиғи газ тұтыну көлемі 9,7 млрд. текше метрді құрайды. Газ экспортының көлемі 7 млрд. текше метрді құрайды.

Газ өндіруді ұлғайту Қарашығанақ, Теңіз, Жаңажол, Толқын секілді және «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ-тың иелігіндегі бірқатар басқа кен орындарының, сондай-ақ Каспий қайраңы (Қашаған және басқалар) кен орындарының жаңа және негізгі базалық көмірсутек кен орындарын дамыту жолымен қамтамасыз етіледі. Негізінен өндірілетін газдың ілеспе болып табылатындығын ескере отырып, тауарлық газды өндіру мен өндірісінің серпіні мұнай өндіру қарқынымен және кенорындары игеру бойынша қабылданған технологиялық шешімдермен анықталады (мысалы, газды кері айдау).

Ішкі нарықты газбен қамтамасыз ету үшін 2006 жылы «Газпром» ААҚ, «Өзбекмұнайгаз» ҰХК және «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ арасында Газдың қарама-қарсы жеткізілімдері туралы келісімге қол қойылды.

Тарихи қалыптасқан магистралдық және газ тарату жүйесімен табиғи газ Республиканың 14 облысынан 9-на жеткізіледі. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының елді мекендерін газдандыру бойынша іс-шараларды жүзеге асыруға айтарлықтай мән береді. 2006 - 2009 жылдары республикалық бюджеттен осы мақсатқа 15 млрд. теңгеден артық қаржы бөлінді. Қабылданған шаралар табиғи газбен Ақтөбе, Атырау, Қостанай, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарының 80-нен астам елді мекендерін, сондай-ақ Қызылорда қаласында 46 көп қабатты үйлерді және 4 мың жекеменшік үйлерді газдандыруға мүмкіндік тудырды.

Газдандыру бойынша өзекті жұмыс жергілікті деңгейде жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады. 2007 - 2009 жылдары осы мақсатқа 30 млрд. теңгеден артық қаржы бөлінді және адамдардың санымен алғанда 400 мыңға жуық адам тұратын үйлер газдандырылды.

Бейнеу - Шымкент газ құбырын салу Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігінің жақсаруына жағдай жасайтын болады және елдің газ өндіретін батыс өңірлерінен оңтүстікке берілетін газ ағынын қамтамасыз етуге және өзбек газының жеткізіліміне тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді.

Газ құбырының трассасы Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша өтетін болады.

Бейнеу - Шымкент газ құбыры Орта Азия - Орталық, Бұхара - Орал, Бұқара газды ауданы - Ташкент - Бішкек - Алматы, Қазақстан - Қытай сияқты барлық негізгі магистралдық газ құбырларын қосады.

Жобаны іске асыру 400-ге жуық елді мекенді қамтумен, тұрғындардың жалпы саны 2 миллион адамға дейінгі бұрын газбен жабдықталмаған Қызылорда облысының аумағын, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстарының солтүстік аудандарын газбен жабдықтауды жалғастыру мүмкіндігін көрсеткен оң мультипликативтік әсер береді. Бұл ауыл халқының тұрмысын сапалы деңгейге көтеруге мүмкіндік береді, жаңа және жұмыс істеп тұрған өнеркәсіп объектілері мен ауыл шаруашылығын дамытуға және жаңғыртуға, шағын және орта бизнесті дамытуға және жаңа жұмыс орындарын құруға қозғау салады.

Тұтас алғанда, жобаны іске асыру газ құбыры трассасының бойына орналасқан Қазақстан Республикасы өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға алып келеді.

Қазақстан ішкі және сыртқы нарықтарға көмірсутектерді жеткізудің көп векторлы принциптеріне сүйене отырып, табиғи газдың транзиті мен экспорттық жеткізілімі бойынша барлық экономикалық тиімді бағыттарды дамытуға ұмтылады. Қазақстан-Қытай газ құбыры және Каспий жағалауы газ құбыры жобаларын іске асыру елдің транзиттік және экспорттық әлеуетін жақсартуға мүмкіндік береді және тиісінше Қазақстан экономикасының дамуына жағдай ж а с а й т ы н б о л а д ы .

Қазақстан - Қытай газ құбыры жобасы. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай газ құбырын салу мен пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісімге 2007 жылғы 18 тамызда қол қойылды. Газ құбыры түркімен және қазақстан газын тасымалдау үшін қажет. Газ құбырының өткізу қуаты жылына 40 млрд. текше м-ге дейін ж о с п а р л а н ы п о т ы р .

Қазақстан-Қытай газ құбырын қаржыландыру, жобалау, салу және пайдалану үшін тең үлесте «ҚазТрансГаз» АҚ пен Trans-Asia Gas Pipeline Company Limited компаниясы арасында «Азия газ құбыры» ЖШС бірлескен Қазақстан-қытай к о м п а н и я с ы қ ұ р ы л д ы .

Газ құбырын салу үшін Қытай Даму Банкінен 7,5 млрд. АҚШ долларына қарыз тартылды. Осы қарызды өтеу мақсатында «Ship or pay» («тасымалда немесе төле») шартында тасымалдау туралы шартқа қол қою сәтіне дейін құрылыс мерзіміне Қытай Ұлттық Мұнай-газ Корпорациясы корпоративтік к е п і л д і к т і ұ с ы н д ы .

2009 жылғы 12 желтоқсанда Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзиньтао мен Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың қатысуымен Қазақстан-Қытай газ құбырының бірінші учаскесінің 1-ші желісін пайдалануға

беруді салтанатты ресми ашу рәсімі өтті.

2012 жылдың соңына дейін Қазақстан-Қытай газ құбырының 1-ші учаскесінің қуатын кейіннен жылына 40 млрд. текше м-ге дейін кеңейтумен, жылына 30 млрд. т. м. -ге дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Каспий жағалауы газ құбыры жобасы. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Түрікменстан Үкіметінің арасындағы Каспий жағалауы газ құбырын салудағы ынтымақтастық туралы келісімге 2007 жылғы 20 желтоқсанда Мәскеу қаласында қол қойылды, ол Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 14 мамырдағы № 160-IV Заңымен р а т и ф и к а ц и я л а н ғ а н) .

Газ құбыры ішкі нарыққа жыл сайын көлемі 20 млрд. текше м-ге дейін газды тасымалдауға арналған, оның ішінде 10 млрд. текше м-ге дейін Қазақстан газы және 10 млрд. текше м-ге дейін түрікмен газы. Түрікмен тарапы түрікмен газын жыл сайын 10 млрд. текше м-ден 30 млрд. текше м-ге дейін арттыруды ұсынған б о л а т ы н .

Жаңа газ құбырының ұтымды параметрлері (газ құбырының құны, қысымы, диаметрі) Тараптар қорытатын техникалық-экономикалық негіздемелерінің (бұдан әрі - ТЭН), Қазақстан Республикасының аумағы бойынша ТЭН қорытындысы бойынша анықталады.

Үшінші Жанажол газ өңдеу зауыты жобасын (бұдан әрі - 3-ЖГӨЗ) Сычуан жобалау-іздеу институты (ҚХР) әзірлеген. Жоба бойынша үшінші зауытта 300-ден астам адам еңбек ететін болады.

«3-ЖГӨЗ 2-ші кезеңінің құрылысы» объектісі бойынша газ сату нарығына талдау және өнімнің бағасын және бастапқы жобаға өзгеріс енгізу жұмыстары жүргізілуде. 2011 жылдың соңына дейін жобаға өзгерістерді енгізу жұмысын толығымен аяқтау жоспарлануда. ЖГӨЗ-дің 2-кезегін пайдалануға беру 2013 ж ы л ғ а ж о с п а р л а н ғ а н .

Нормативтік базаны жетілдіру мақсатында Сұйытылған көмірсутек газын жеткізу, тасымалдау және пайдалану ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Магистралдық және газ бөлу желілерін пайдалануға, қызмет көрсету мен жөндеуге, шығыс нормаларына қатысты 40 мемлекеттік стандарт, оның басым бөлігі ИСО стандарттарының негізінде әзірленді.

Әлемнің көптеген елдерінде (АҚШ, Ұлыбритания, Норвегия, Франция, Ресей және т.б.) Газ туралы жеке заң бар. Ресей Федерациясында заңнамалық деңгейде газ экспортына монополиялық құқық бекітілген.

Алайда Қазақстан Республикасында газ саласының нақты мәнін бейнелейтін, газбен жабдықтаудың және газ тұтынудың жалпы жағдайларын реттейтін, оны дамыту және жедел жаңғырту мақсатында осы салаға инвестицияларды тартуға ықпал ететін бірыңғай заңнамалық акт жоқ.

Жеке заңды әзірлеу қажеттігі мыналардан туындап отыр: газ саласында заңнамамен реттелмеген көптеген мәселелер мен проблемалар бар, оның ішінде орталық атқарушы органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару, газбен жабдықтау саласындағы мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарының рөлдері мен функцияларына қатысты құқықтық қатынастардың кең ауқымы, сондай-ақ газды жеткізу, тасымалдау, сақтау және сатып алу кезіндегі меншік мәселелері.

Сондай-ақ, жаңадан құрылатын құбырлардың жобаларына қатысуға және ілеспе газдың құқықтық мәртебесін анықтауға мемлекеттің басым құқығын қамтамасыз ету тетіктері жоқ.

Бұдан басқа, магистралдық құбыр саласында мемлекеттік реттеу мен басқару саласында Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкілетті мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар арасында өкілеттіктерді нақты шектеулер жоқ.

Мұның бәрі қойылған міндеттерді заңнамалық деңгейде жоспарлы шешуді талап етеді.

3-стратегиялық бағыт. Мұнай-химия өндірісін қамтамасыз ету.

Мұнай-химия өнеркәсібі. Әлем елдерінде, әсіресе азия елдерінде мұнай-химия өндірістерін салу мен іске қосу көлемінің белсенді өсуі байқалады. Бұл тек мұнай-химия өніміне деген жоғары сұранысты және оны қолдану мүмкіндігінің кеңеюін ғана емес, сонымен бірге көмірсутек шикізатын тереңдетіп өңдеудің экономикалық тартымдылығын көрсетеді. Мұнай-химия өндірістерін салуды тіпті жеткілікті көмірсутек ресурстары жоқ және технологиялардың лицензиарлары емес азия елдері де жүзеге асыруда.

Қытай, Иран, Малайзия, Сингапур және басқа азия елдері мұнай-химия өнімдерін өндіру бойынша бірнеше кәсіпорындар салуды жүргізуде. Азия тек өткізудің мәнді нарығы емес, сонымен бірге мұнай-химия саласында қуатты өндірістік базаға айналып отыр. Мысалы, Сингапурдың құрылыс жобаларына «Shell Chemicals» неміс компаниясы, «Sumitomo», «Mitsui Chemicals» жапон фирмалары қатысады, ал Қытайда және Азияның әртүрлі мемлекеттерінде құрылыс жобаларын BASF, Halliburton, Lurgi, Toyo Engineering, Mitsubishi, Gas chemicals, NKK Corporation неміс фирмасы секілді технологиялардың лицензиарлары-жетекші компаниялар және т.б. жүзеге асыруда.

Көмірсутек шикізатын өндірудің үлкен көлеміне қарамастан, бүгінгі күні Қазақстанда жоғары қосылған құнымен өнім алумен көмірсутек шикізатын тереңдетіп өңдейтін толық технологиялық цикл жоқ.

Көмірсутек шикізатын өңдеу мұнай мен газды сепарациялаумен шектеледі. Елде кеңес уақытында салынған және қазіргі стандарттарға сай емес 3 мұнай өңдеу және 3 газ өңдеу зауыты жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасы мұнай-химия өнімдерін өткізудің негізгі

нарықтарынан қашықта болып отыр.

Қазақстан Республикасы экономика мен өнеркәсіптік әлеуетті белсенді дамыта отырып, әлемдік деңгейдегі мұнай-химия кешендерін табысты салуды қамтамасыз ету тиіс және қамтамасыз ете алатын бірқатар басымдықтарға ие, олардың негізгі дәлелдері мыналар болып табылады:

1) жеткілікті шикізат ресурстары (мұнай және газ) бар. Қазақстан Республикасының әртүрлі өңірлерінде (Теңіз, Каспий) кен орындарын игеруде табиғи және ілеспе газ пайдаланылатын болады, онда құрамында этан бар фракция газдың жалпы көлемінен 13-тен 16 %-ға дейін және одан жоғарыны құрайды, бұл базалық мұнай-химия өнімі - этиленді өндіру үшін негізгі экономикалық және технологиялық басымдық болып табылады;

2) этилен мұнай-химия өнімінің кең спектрінің өндірісі үшін пайдаланылуы мүмкін, бірақ Қазақстан Республикасы үшін неғұрлым экономикалық тиімдісі түрлі маркалы полиэтилен мен полипропилен, стирол мен полистирол, этиленгликол мен этилбензол және 20 атаудан жоғары басқа өнімдерді шығару болмақ;

3) Атырау мұнай өңдеу зауытында технологиялық жаңғырту және жете жарактандыру жүргізілді және осындай жұмыс басқа мұнай және газ өңдеу зауыттары бойынша жалғастырылатын болады, бұл өнделетін көлемнің және мұнай-газ шикізатын бастапқы өңдеу өнімінің номенклатурасын кеңейту негізінде мұнай-химия өндірісі үшін шикізаттың қосымша ресурстарын пайдалануға мүмкіндік тудырады;

4) халықаралық сарапшылар мен мамандар Қазақстан Республикасында мұнай-химия өндірістерін құрудың экономикалық тиімділігін растады - Exxon Mobil, Shell, Basell халықаралық жетекші компаниялары мен Nexant консалтингтік компаниясының зерттеу нәтижелері алынды.

Мұнай-химия саласында республикада көмірсутек шикізатын тереңдетіп өңдейтін және жоғары қосылған құнымен мұнай-химия өнімдерін шығаратын өндірістік қуаттар құру жөнінде ҚР МГМ-гі «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-пен, «Kazakhstan Petrochemical Industries» ЖШС-пен және басқа да мұнай-химия кәсіпорындарымен бірлесіп, нақты серпінді инвестициялық жобаларды іске асыру кезеңіне кірісті.

2007 жылғы желтоқсанда Мемлекет басшысының Жарлығымен Атырау облысында «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркi» арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі - АЭА) құрылды.

Жылына қуаты 1,3 млн. тонна базалық мұнай-химия өнімдерін, оның ішінде 800 мың тонна полиэтилен және 500 мың тонна полипропилен алатын әлемдік деңгейдегі интеграцияланған газ-химия кешенінің құрылысы Атырау облысының Қарабатан теміржол станциясы мен Теңіз алаңы маңында (газ айыру

қондырғысы) жүзеге асырылатын болады. Газ-химия кешеніне газ шикізатын жеткізуді ұзақ мерзімді кезеңде «Теңізшевройл» ЖШС жүзеге асыратын болады (ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 15 ақпандағы № 142қпү қаулысы).

Мемлекет инфрақұрылым объектілерін салуда Жобаға қолдау көрсетуге шешім қабылдады - ЖСҚ әзірлеу және инфрақұрылым жасау (11 физикалық объекті) 93,3 млрд. теңге көлемінде мемлекеттің қаржылай қолдауымен жүзеге асырылатын болады, оның ішінде 14 млрд. теңге - 2008 - 2009 жылдары бөлінген бюджеттік несие және қытай кредиттік желісінің қарыз қаражаттары.

Мұнай-химия өндірістерін құрудың инвестициялық жобаларын әзірлеу және оларды іске асыруға дайындау кезінде бір мезгілде мұнай өнімдерінің сапасын жақсартудың арқасында мұнай-химия өнімдерін өндіру үшін хош иісті көмірсутектер - бензол және параксилол алуға мүмкіндік беретін жаңғыртылған Атырау мұнай өңдеу зауытының (АМӨЗ) технологиялық мүмкіндіктері мен өндірістік ресурстары ескерілді.

Жылына 133 мың тонна бензол және 496 мың тонна параксилол өндірумен хош иісті көмірсутектер өндірісі кешенін салу және мұнай өнімдерінің сапасын Евро-3 стандартына дейін жеткізу. Жобаны іске асыру мерзімі - 2013 жыл.

Ақтау пластикалық массалар зауыты базасында жылына - 400 мың тоннадан кем емес жол битумын өндірумен жол битумын өндіру жоспарлануда. Шикізат - Қаражанбас кен орнының мұнайы. Жобаны іске асыру мерзімі - 2012 жыл.

3-бөлім. Стратегиялық бағыттары, мақсаты, міндеттері, мақсатты индикаторлары, іс-шаралар және нәтижелердің көрсеткіштері

3.1. Стратегиялық бағыттары, мақсаты, міндеттері, мақсатты индикаторлары, іс-шаралар және нәтижелердің көрсеткіштері

1-стратегиялық бағыт. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу саласында қатынастарды реттеуді жақсарту

1.1-мақсат. Жер қойнауын пайдалануда мемлекеттік басқарудың сапалық деңгейін арттыру

Осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған 001, 018, 112 бюджеттік бағдарламаның коды

Мақсатты индикатор (қол жеткізудің түпкілікті мерзімін (кезеңін) көрсете отырып)	Ақпарат көзі	оның ішінде жоспарлы кезеңде аралық мәнді көрсетумен					
		Өлш. бірл.	2010	2011	2012	2013	2014
Жер қойнауын пайдалануды							

басқарудың мемлекеттік бірыңғай жүйесінің жер қойнауын пайдалану саласындағы 107 қатысушысын қамту	ҚР ЖҚ БМБЖИАЖ	қатысушы	50	82	107	107	107
Мақсатты индикаторға қол жеткізу жолдары, тәсілдері мен әдістері: 1.1.1-міндет. Мемлекеттік органдар мен жер қойнауын пайдалану саласындағы жер қойнауын пайдаланушылардың өзара іс-қимылын автоматтандыру							
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлш. бірл.	Жоспарлы кезең				
			2010	2011	2012	2013	2014
Мемлекеттік органдарды жер қойнауын пайдалануды басқарудың мемлекеттік бірыңғай жүйесімен қамту	ҚР ЖҚ БМБЖИАЖ	қатысушы	4	7	9	9	9
Жергілікті атқарушы органдарды жер қойнауын пайдалануды басқарудың мемлекеттік бірыңғай жүйесімен қамту	ҚР ЖҚ БМБЖИАЖ	қатысушы	4	8	16	16	16
Жер қойнауын пайдаланушыларды жер қойнауын пайдалануды басқарудың мемлекеттік бірыңғай жүйесімен қамту	ҚР ЖҚ БМБЖИАЖ	қатысушы	42	67	82	82	82
Жер қойнауын пайдаланушылардың келісім шарттарын жер қойнауын пайдалануды басқарудың мемлекеттік бірыңғай жүйесімен қамту	ҚР ЖҚ БМБЖИАЖ	келісім-шарт	120	180	200	220	220
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	Жоспарлы кезеңде орындау мерзімі						
	2010	2011	2012	2013	2014		
«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Заңы жобасының нормаларын іске асыруда нормативтік-құқықтық актілер жобаларын әзірлеу	x	x	x	x	x		

ж ы л м е н салыстырғанда)	Статистикалық деректер	%	108,7	102,1	100,6	99,1	113,1
4. Дизель отынын өндіру көлемі (өткен ж ы л м е н салыстырғанда)	Статистикалық деректер	мың тонна	3908,9	4105,9	4124,6	4303,5	4786,7
		%	102,9	105,0	100,4	104,3	111,2
5. Авиакеросин өндіру көлемі (өткен ж ы л м е н салыстырғанда)		мың тонна	483,7	491,9	504,0	522,0	677,0
		%	129,5	101,7	102,4	103,5	129,7
6. Мазут өндіру көлемі (өткен ж ы л м е н салыстырғанда)		мың тонна	3193,7	2044,2	2156,5	2504,3	2258,0
		%	98,6	64,0	105,5	116,1	90,1
Тікелей нәтижелер көрсеткіштерінің жетістіктеріне арналған іс-шаралар			Жоспарлы кезеңде орындау мерзімі				
			2010	2011	2012	2013	2014
Мұнай өндіру және кейбір кенорындарын барлаудан өнеркәсіптік пайдалануға көшіру бойынша өндірісті жаңғырту			x	x	x	x	x
«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-да мұнайды тереңдетіп өңдеу кешенін салу			x	x	x	x	x
«Павлодар мұнай-химия зауыты» АҚ-ты және «ПетроКазахстан Ойл Продактс» ЖШС-ны қайта құру және жаңғырту			x	x	x	x	x
Максатты индикаторға қол жеткізу жолдары, тәсілдері мен әдістері: 2.1.2-міндет. Сыртқы нарыққа мұнай тасымалдау маршруттарын әртараптандыру							
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлш. бірл.	Жоспарлы кезең				
			2010	2011	2012	2013	2014
Мұнай экспортының көлемі (өткен ж ы л м е н салыстырғанда)	Статистикалық деректер	млн. тонна	73,0	73,0	74,0	74,0	75,0
		%	107,2	100,0	101,4	100,0	110,1
Тікелей нәтижелер көрсеткіштерінің жетістіктеріне арналған іс-шаралар			Жоспарлы кезеңде орындау мерзімі				
			2010	2011	2012	2013	2014
Қазақстан-Қытай мұнай құбырының өткізу қабілетін ұлғайту, оның ішінде				x	x	x	x
Кеңкияқ-Атырау мұнай құбырының реверсі						x	
Кеңкияқ-Құмкөл және Атасу-Алашанькоу мұнай құбырын кеңейту			x	x	x	x	x
Құмкөл-Қарақойын-Атасу учаскесінде «ҚазТрансОйл» АҚ-тың объектілерін қайта құру және кеңейту			x	x	x	x	x
Каспий Құбыр Консорциумын кеңейту жобасын іске асыру, оның ішінде: - жұмыс істеп тұрған екі МӨЗ-ді жаңғырту (Теңіз, А т ы р а у) ; 116-204 км учаскесінде мұнай құбырын ауыстыру (88 к м) ; СКАДА жүйесін монтаждау;							

- жаңа АНПС-4 салу және іске қосу-жөндеу; Атырау - АНПС-4 учаскесінде бір тізбекті ВЛ-220 кВ екі желіні салу; - жаңа АНПС-3А салу және іске қосу-жөндеу, СКАДА жүйесінің және сыртқы энергия жабдықтау объектілерінің жұмыстарын аяқтау және іске қосу-жөндеу	x	x	x	x
--	---	---	---	---

2.2-мақсат. Газ ресурстарын ұтымды және тиімді пайдаланудан әлеуметтік-экономикалық тиімділікті арттыру
Осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған 024 бюджеттік бағдарламаның коды

Мақсатты индикатор (қол жеткізудің түпкілікті мерзімін (кезеңін) көрсетумен)	Ақпарат көзі	оның ішінде жоспарлы кезеңде аралық мәнді көрсетумен					
		Өлш. бірл.	2010	2011	2012	2013	2014
2014 жылы шикі газ өндіру көлемін 2009 жылмен салыстырғанда 54,9%-ға өсіру (өндірудің өсуі 19,8 млрд. текше м)	Статистикалық деректер	млрд. текше м	37,0	43,6	44,8	53,5	55,8
2014 жылы оңтүстік өңірлерді 5 млрд.т.м. көлемінде газбен қамтамасыз ету	Статистикалық деректер	жылына млрд. т. м			3,6 дейін	3,6 дейін	5,0 дейін
2014 жылы экспортқа құрғақ газ көлемін 7,6 млрд.т.м. ұлғайту (2009 жылмен салыстырғанда 208,5 %)		млрд. т.м.	7,0	10,8	7,5	10,8	9,7
Мақсатты индикаторға қол жеткізу жолдары, тәсілдері мен әдістері: 2.2.1-міндет. Қазақстан Республикасының ішкі нарығының газға өсіп отырған қажеттіліктерін үздіксіз және тұрақты қамтамасыз ету							
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлш. бірл.	Жоспарлы кезең				
			2010	2011	2012	2013	2014
Газ өндірудің өсуі (өткен жылмен салыстырғанда)	Статистикалық деректер	%	102,7	117,8	102,9	119,2	104,3
Табиғи газды тұтыну (өткен жылмен салыстырғанда)		млрд.т.м	112,3	104,9	118,5	107,9	105,8
Сұйытылған газды тұтыну (өткен жылмен салыстырғанда)		%	105,0	105,0	105,0	105,0	105,0
2014 жылы оңтүстік өңірлерде газ тұтыну көлемінің 5 млрд. т.м. дейін өсуі*	Статистикалық деректер	жылына млрд. т. м			3,6 дейін	3,6 дейін	5,0 дейін
2013 жылы Жаңажол газ өңдеу зауытында газ өңдеу көлемін қосымша 2 млрд.т.м. дейін өсіру	«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-тың есебі	жылына млрд. т. м				2,0	

* Ескертпе - жыл сайынғы газ көлемі өзгеруі мүмкін, себебі қытай тарапымен бірлесіп жобалық құжаттаманы өзектендіру аяқталған жоқ.

Тікелей нәтижелер көрсеткіштерінің жетістіктеріне арналған іс-шаралар	Жоспарлы кезеңде орындау мерзімі				
	2010	2011	2012	2013	2014
«Бейнеу - Шымкент» магистралдық газ құбырын салу, оның ішінде:	x	x	x	x	x
Бейнеу - Шымкент магистралдық газ құбырының 1-ші кезегін салу					
